

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655.

Қазақстан Республикасы Даму стратегиясының негізгі ережелерін іске асыру, басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру, мемлекеттік органдар жүйесін реформалауды жалғастыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) және 20) тармақшаларына сәйкес қаулы етемін:

1. Мыналар құрылсын:

1) Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

2) таратылатын Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігінің - дін, жастар, ұлт және тіл саясаты саласындағы функцияларының, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігі беріле отырып, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі;

3) таратылатын Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ таратылатын Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі функцияларының, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігі беріліп отырып, Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;

4) Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі функцияларының, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігі, сондай-ақ таратылатын Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі функцияларының, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігі беріле отырып, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі;

5) таратылатын Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігінің функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі функцияларының, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктерінің бір бөлігі беріле отырып, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі - орталық атқарушы орган. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы Қазақстан

Республикасының министрі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі болып табылады.

2. Мыналар таратылсын:

1) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңес;

2) мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына беріле отырып, Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттік;

3) функциялары, мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттіктері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беріле отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі қосылу жолымен Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі болып қайта құрылсын.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті - Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып қайта құрылсын.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2542 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж, N 33, 410-құжат) 1-тармағына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі", "Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі", "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті", "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті", "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі", "Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі" сөздері алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі", "Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі", "Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі" сөздерімен толықтырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) осы Жарлыққа сәйкес құрылған және қайта құрылған мемлекеттік органдар туралы ережелерді бекітсін, жұмыс істеп тұрған мемлекеттік органдардың ережелері мен құрылымдарын қайта қарасын;

2) қолданылып жүрген заңдарды осы Жарлыққа сәйкес келтіру туралы ұсыныстар әзірлеп, Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізісін;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Экономикалық реформалар орталығын тарататын болсын;

5) осы Жарлықтан туындайтын басқа да қажетті шараларды қолданатын болсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі:

1) өзінің құрылымы мен штат санын осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес туралы ережені енгізісін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті